

шамадағы өнімнің көлемі орташа бір тұрғынға шаққанда дамыған елдерде жылына 20-25 т, ал тұтастай дүние жүзінде - 10 т дейін жетеді.

Көлік жүйесінің дамуындағы мемлекеттің қатысуының қомақты рөлін ерекше атап өту қажет. Көлік ұзақ инвестициялық циклі, физикалық және моральдік тозудың жоғары деңгейі бар шаруашылықтың материалдық және энергиялық ауқымды секторы болып табылады.

Көліктің үлесіне негізгі әлемдік қорлардың 20% келеді. Көлік және қоймалау секторына тікелей шетел инвестицияларының (ТШИ) 281,6 млн жуық АҚШ долл., немесе жалпы инвестициялар ағымының 3%, жұмсалған болатын. Берілген секторда бүкіл ТШИ-дың 98% жуығы, немесе 276,0 млн АҚШ доллары, құрлықтағы көлік пен құбыр желісі бойынша тасуға бағытталған. Су көлігіне 2,3 млн АҚШ доллары жұмсалған болатын.

ҚХР - ЕО бағытындағы құрлық бағдарларының негізгі артықшылығы олардың жеделдігі болып табылады. Қазақстан аумағымен өтетін бағдарлар арқылы осы бағытта жүктерді жеткізу орта есеппен - 12-15 күнді алса, Оңтүстік теңіз жолымен жеткізу 45-60 күнді, Солтүстік теңіз жолымен жеткізу - 33-35 күнді, Транссібір магистралі арқылы жеткізу 18-20 күнді алады. Осы басымдыққа қарамастан, қолданыстағы транзиттік бағдарларды сақтап, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жүктерді тасымалдау жеделдігі мен қолайлылығын арттыру жұмысын одан әрі жалғастыру керек.

Логистика және сервис сапасы проблемасы - қолданыстағы сервис объектілерінің саны жеткіліксіз. Транзиттік және экспорттық-импорттық операциялардың құнының өзгеруіне әсер ететін кедендік және визалық рәсімдерді оңайлату мәселесі әлі де өзекті болып қалуда.

Бүгінгі таңда орын алып жатқан проблемаларды шешу мақсатында мемлекет тарапынан және бірқатар үкіметаралық жұмыс топтары тарапынан, сонымен қатар бірінші кезекте еліміздің бизнес-қоғамдастықтары тарапынан да белсенді жұмыс жүргізілу қажет.

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

1. Нұрғалиева, А.А. Кәсіпкерлік: Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2016. - 276 б.
2. "Бастау Бизнес" жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін оқыту "Атамекен" ҰКП. - Астана: Шаңырақ-Медиа, 2018. - 250 б.

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

*Канаев А.Б., Койчубаев А.Б.*

*Л.Б.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты, Қазақстан*

Мақалада Қазақстандағы екінші деңгейлі банктердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған. Екінші деңгейлі банктердің тұрақты дамуы маңыздылығы жоғары болып табылады. Қазақстанның банктік секторындағы қаржылық тұрақтылық мәселелері банк

өтімділігінің шектеулілігі, проблемалы несиелердің артуы, капитализацияның жеткіліксіздігі болып қалуда. Банк секторы ел экономикасы салаларында ақша қаражаттарының үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ететін негізгі буын қызметін атқарады. Банк секторының тұрақтылығын сақтау кез келген ел үшін маңызды мәселе. Екінші деңгейлі банктердің қазіргі жағдайына талдау жүргізілген және банк секторының тұрақсыздығын туындататын факторлар анықталған. Банк секторының тұрақтылығын қамтамасыз етудің және нығайтудың негізгі бағыттары берілген.

Елдің банк секторының дамуы ел экономикасының өсімімен айқындалады. Қазақстанда банк секторының қаржы нарығындағы қызметтерін зерделеу экономика ғылымында да, ел экономикасының даму бағдарын анықтауда да әрдайым маңызы ерекше. Банк секторы ел экономикасындағы уақытша бос ақша қаражаттарын нақты экономика салаларында үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ететін негізгі буын болып табылады. Қазіргі жаһандық дағдарыстар мен әлемдік интеграцияның даму жағдайларында банк секторының бәсекелі нарықта қаржылық тұрақтылығын сақтау және нығайту маңызды мәселе болып саналады.

Екінші деңгейлі банктердің клиенттердің салымдарын тару деңгейі мен несиелік портфелінің сапасының жоғары деңгейде болуы оның қаржылық жағдайын тұрақтылығын қамтамасыз етумен қатар, елдегі экономикалық жаңғырулар мен қайта құрулардың қозғаушы тетіктерінің негізгісі болып табылады.

Қазіргі кезде елдегі екінші деңгейлі банктердің қаржылық жағдайларына талдау жасау және олардың жұмыстарына қадағалау жасау банктік басқаруда ең маңызды сала болып есептеледі. Сондықтан екінші деңгейлі банктердің қаржылық жағдайын зерттеу мен талдау оның экономикалық-қаржылық үдерісінің болашақ кезеңдердегі дамуын айқындайды, яғни банктің қаржылық тұрақтылығын сақтауы, сондай-ақ банктің болашақ табыс алуы оның депозиттік және несиелік саясатын дұрыс орнатуымен тығыз байланысты.


Мақалада қаржы нарығындағы банк секторының даму жағдайын талдауда салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар ақпараттық база ретінде ҚР ҰБ статистикалық мәліметтері алынды.

Кез келген екінші деңгейлі банкте қаржылық қызметтерін басқарудың негізгі мақсаты банктің тұрақтылығын қамтамасыз ететін сапалы несиелік портфелін қалыптастыру және тиімді депозиттік саясат жүргізу болып табылады. Банк қызметін басқарудағы негізгі міндеттер: ағымдағы кезеңдегі табыстың жоғары деңгейін және алдағы уақыттарда күтілетін табыстың жоғары түсімін қамтамасыз ету; несиелік портфелдің сапасын арттыру арқылы несиелік тәуекелін төмендету; банк өтімділігінің талап етілетін деңгейін сақтау; клиенттердің салымдары мен несиелік портфелі арасында ортақ тиімділікті орнықтыру.

ҚР банк секторында 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 28 банк қызметтер көрсеткен, ал сәйкесінше 2018 жылы 1 қаңтарда 32 банк, 2017 жылғы 1 қаңтарда 33 банк жұмыс жүргізген. Банк секторы активтерінің ЖІӨ-дегі үлесі 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 43,3%, несиелік портфелінің

ЖІӨ-дегі үлесі – 23,6%, клиенттер салымдарының ЖІӨ-дегі үлесі – 29,3% болса, ал 2018 жылы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сәйкесінше – 49,9%, 28,1% және 34,5% болған [1].


ҚР банк секторының табыстылық көрсеткіштері келесі 1-суретт берілген.



Сурет 1. ҚР ЕДБ-нің табыстылық көрсеткіштері  
Ескерту: ҚР ҰБ мәліметтері негізінде авторлармен жасалған

Жалпы еліміздегі екінші деңгейлі банктердің таза пайдасы 2016 жылы 397,6 млрд.теңге құраған, 2017 жылды 62,3 млрд.теңгеге шығынды аяқтаған, ал 2018 жылы таза пайдасы 658,4 млрд.теңге болды. Активтердің рентабельділік коэффициенті 2016 жылы 1,61 пайыз, 2017 жылы теріс мәнді 0,25 пайыз, ал 2018 жылы 2,64 пайыз болды. Меншікті капиталдың рентабельділік коэффициенті 2016 жылы 14,94 пайыз, 2017 жылы теріс мәнді 2,12 пайыз, ал 2018 жылы 21,44 пайыз болды.

ҚР екінші деңгейдегі банктерінің активтері 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 25556,8 млрд.теңге болса, 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 5,5 пайызға кеміп, 24157,9 млрд.теңгені құрады, ал 2019 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша бұл көрсеткіш 4,5 пайызға артып, 25241 млрд.теңге болды (Сурет 2).



Сурет 2 . ҚР ЕДБ-нің активтері мен пассивтерінің құрылымы  
Ескерту: ҚР ҰБ мәліметтері негізінде авторлармен жасалған

Екінші деңгейлі банктердің міндеттемелер жиынтығында басым үлесті клиенттердің салымдарының соммасы иеленеді. Екінші деңгейлі банктердің міндеттемелер жиынындағы клиенттер салымдарының үлесі 1.01.2017 жылы 60,69 пайыз болса, 1.01.2018 жылы 56,26 пайыз, 1.01.2019 жылы 54,53 пайыз болып, қарастырылған жылдар ағымында бұл көрсеткіштің төмендеу үрдісін байқауға болады. Дегенмен, несие портфелінің соммасы 2017 жылы 2016 жылғы 15510,8 млрд.тенгеден қарағанда 12,4 пайызға кеміп, 13590,5 млрд.тенге құрады, ал бұл көрсеткіш 2018 жылы 1,3 пайызға артып, 13762,7 млрд.тенге болды.

ҚР екінші деңгейлі банктердің несие портфелінің құрылымында 2018 жылы жеке тұлғаларға берілген несиелердің үлесі 36,3 пайыз болды, ал ШОБ субъектілеріне берілген несиелердің үлесі 33,2 пайызды құраса, заңды тұлғаларға берілген несиелердің үлесі 28,5 пайызды құраған.

ҚР екінші деңгейлі банктердің несие портфелінде қарастырылған 2016-2018 жылдар ағымында заңды тұлғаларға берілген несиелер мен ШОБ субъектілеріне берілген несиелер соммасының жылдан жылға кему үдерісін көруге болады. Ал жеке тұлғаларға берілген несиелер 2016 жылдан 2017 жылға қарай 13,7 пайызға, 2017 жылдан 2018 жылға қарай 17,2 пайызға арту үдерісін байқауға болады. Бұл, еліміздегі шаруашылық жүргізуші субъектілерге қарағанда жеке тұлғалардың несие алу белсенділігінің басым екендігін білдіреді.

ҚР ҰБ-нің талдау мәліметтерінен, 2016 жылға дейін екінші деңгейлі банктердің несиелеу қарқынының арту үрдісін көрсетсе, 2017 жылдан бастап несиелеу қарқынының қысқару үрдісін байқауға болады. Бұл, бір жағынан, экономика секторларының іскерлік және кредиттік белсенділігінің төмендеуі,

халықтың нақты кірістерінің қысқаруы салдарынан болса, екінші жағынан, банктердің несиесі тәуекелін толық негізделген қадағалауы есебінен несиесі портфельдерінің сапасын арттыруға бағытталған жұмыстарының нәтижесі деп бағалауға болады.

Қазақстан Республикасы екінші деңгейлі банктердің несиесі портфелінде төлеу мерзімі 90 күннен асқан берешегі бар үмітсіз несиелер үлесі 2016 жылы 6,7 пайыз, 2017 жылы 9,3 пайыз, 2018 жылы 7,4 пайыз болып, мұндай қарыздарды ХҚЕС бойынша провизиялармен жабу коэффициенті сәйкесінше 72,2 пайыз, 89,2 пайыз және 75,1 пайыз болды. ҚР екінші деңгейлі банктердің тәжірибесінде NPL90+ бойынша NPL90+ қарыздарының жиі пайда болуы және олардың қайтадан стандарттылар санатына қайтарылуы байқалды. 2017-2018 жылдары несиесі төлеуге қабілетті несиесі алушылардың сапасын арттыру салдарынан экономикалық белсенділікті қайтадан қалпына келтіру бойынша банктердің несиелік портфелінің сапасын жақсарту белгілерін байқауға болады.

Қазақстан Республикасы екінші деңгейлі банктердің активтері жиынтығында басым үлесті клиенттерге банктердің берген қарыздарының соммасы иеленеді. Екінші деңгейлі банктердің активтер жиынындағы несиесі портфелінің үлесі 1.01.2017 жылы 67,5 пайыз болса, 1.01.2018 жылы 69,05 пайыз, 1.01.2019 жылы 67,51 пайыз болды. соммасы 2017 жылы 2016 жылғы 17268,6 млрд.теңгеден қарағанда 3,4 пайызға кеміп, 16680,5 млрд.теңге құрады, ал бұл көрсеткіш 2018 жылы 2,2 пайызға артып, 17043,0 млрд.теңге болды [2].

Клиенттердің салымдары жиынында заңды тұлғалардың салымдарының үлесі 2016 жылы 54,2 пайыз (9360,8 млрд.теңге), 2017 жылы 50,7 пайыз (8 453,6 млрд.теңге), 2018 жылы 48,5 пайыз (8 272,0 млрд.теңге) болып, жылдан жылға азаю үрдісі байқалады. Заңды тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының үлесі жылдың басындағы 2016 жылы 46,6 пайыз, 2017 жылы 42,9 пайыз, 2018 жылы 45,8% пайыз болды.

Екінші деңгейлі банктердің клиенттердің салымдары жиынында жеке тұлғалардың салымдарының үлесі 2016 жылы 45,8 пайыз (7907,8 млрд.теңге), 2017 жылы 49,3 пайыз (8 226,9 млрд.теңге), 2018 жылы 51,5 пайыз (8 771,0 млрд.теңге) болып, жылдан жылға арту үрдісі байқалады. Жеке тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының үлесі жылдың басындағы 2016 жылы 62,2 пайыз, 2017 жылы 52,4 пайыз, 2018 жылы 47,7% пайыз болды [3].

Қазақстанның қаржы нарығындағы банк секторының болып жатқан әлемдік қаржылық және экономикалық өзгерістерді қабылдауда тәуекел деңгейін сақтамау салдарынан, қаржылық тұрақсыздық жағдайында болған [4].

Бұл олардың бірқатар басымды проблемаларының бар екендігі анықталды:

- екінші деңгейлі банктердің несиелеу портфеліндегі басымдықтары компаниялардың инвестицияларына емес, жеке тұтынушылардың сұранысына, әсіресе тұтынушылық несиесі түріне негізделген экономикалық өсудің құрылымындағы теңгерімсіздіктің болуы;

- ірі кәсіпорындарға көрсетілетін қызметтер жиынтығының шектеулі болуы және банктердің көлемді инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін қажетті ресурстардың ауқымды көлемін дербес жинақтай алмауы

экономиканы дамытудың басым бағыттарын, оның ішінде шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландырудың, көбіне, мемлекет бөлетін ресурстарға тәуелділіктің жоғары болуы;

- банк өтімділігінің төмен деңгейі, қайта қаржыландыру тетіктерінің дамымауы жағдайында банк жүйесін бөлшек қорландыру жағына қарай басымдық беру жүйені салымшылар «көңіл-күйінің ауысуы» тәуекелдеріне ұшырағыш болуы;

- жұмыс істемейтін қарыздар көлемінің жоғары болуы банк секторының макроэкономикалық орта өзгерістеріне, жекелеген нарықтардағы ахуалға икемді ден қою мүмкіндігін төмен болуы;

- экономиканың долларлануы салдарынан банктің депозиттерінің басым бөлігінің шетел валютасында, несиелік портфелінің басым бөлігінің ұлттық валютада болуымен байланысты банк секторындағы активтер мен пассивтерінің валюталық құрылымы бойынша сәйкес келмеуі.

Дегенмен, қазақстандық екінші деңгейлі банктер ҚР ҰБ белгілеген нормативтерді сақтау арқылы өз қызметтерін жүргізеді. Бұл, өз кезегінде, банктің қызметін қадағалаумен қатар, банктің қаржылық жағдайының нашарлауының алдын алуына да ықпал етеді.

Банк секторының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша келесідей бағыттары ұсынуға болады:

- банктің нарықтағы несиелеу позициясын нығайту, берілетін несиелеу түрлерін әртараптандыру және кепілдендірілген несиелер беру жүйесін дамыту есебінен несиелік тәуекел дәрежесін төмендету,

- нарықта сенімді корпоративтік клиенттерді тарту бойынша маркетингтік шараларды жүргізу;

- банктің интернет-банкинг бойынша ұсынылатын қызметтер түрлерін арттыру арқылы қосымша табыстар түсуін қамтамасыз ету.

Екінші деңгейлі банктердің қаржы нарығындағы қызметтері елдегі компаниялардың экономикалық жағдайларына және халықтың өмір сүру деңгейлеріне, банк клиенттерінің төлем қабілеттіліктеріне тікелей байланысты.

Сонымен қатар, банктің ұсынатын несиелерінің құны, яғни пайыздық мөлшерлемесі тұтынушылардың жағдайын сәйкес келуі де банктің өнімдеріне деген сұранысты арттыруы мүмкін. Қазақстанда қалыптасқан жағдай, банк үшін де, банк несиелік ресурстарын тұтынушы компаниялар мен жеке тұлғалар үшін де тиімсіз екені сөзсіз. Осындай екі жақты мүдделердің теңдестірілмеуі салдарынан қазақстандық банктердің барлығында дерліктей жұмыс істемейтін несиелер үлесінің жоғарылауы байқалады. Сонымен қатар, банктің несиелеу жүйесінің тиімсіздігінен банкте қаржылық тұрақсыздық жағдайы басталуы мүмкін, ал бұл өз кезегінде, қазақстандық банктерге клиенттердің сенімсіздігіне алып келіп, клиенттердің бос ақша құралдарын банктерге салымдар ретінде ұстауынан бас тарту жағдайларына алып келеді. Сондықтан, банктің несиелік портфелінің сапасын жақсарту үшін, ең алдымен, өнімінің, яғни несиелік ресурстарының пайыздық мөлшерлемелері бойынша ретке келтірілген жүйесін қалыптастыруы керек. Қазақстанның екінші деңгейлі банктері ішкі және сыртқы инвесторлардың депозиттік салымдары үшін қаржы нарығының

инвестициялық тартымдылығын арттыру жұмыстарын жүргізулері керек.

Қазақстандық екінші деңгейлі банктер, ең алдымен, қаржы нарығындағы беделін арттыру арқылы салымшылардың, әсіресе корпоративтік салымшылардың сеніміне ие болуы керек.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы банк секторының ағымдағы жағдайы 01.01.2019 ж.– <https://nationalbank.kz/cont>

2. Несие портфелінің құрылымы мен сапасы туралы мәліметтер – <https://nationalbank.kz/?docid=3540&switch=kazakh>

3. Салымдардың құрылымы туралы мәліметтер – <https://nationalbank.kz/?docid=3541&switch=kazakh>

4. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы. 29.08.2014 ж. №954 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000545>

## **ҚР-ДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

*Сұлтангазиев Н. Е.*

*Л.Б.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты, Қазақстан*

Мақалада нарықтық қатынастар жағдайында инновациялық экономиканы және оның жекелеген салаларын мемлекеттік реттеудің рөлі мен механизміне кейбір көзқарастар қарастырылады.

Экономика мен қоғамның өсіп келе жатқан маңыздылығымен Инновациялық процестерді мемлекеттік реттеу қажеттілігі артып келеді. Экономикалық өсу экстенсивті және қарқынды факторлардың үйлесуіне және экономикалық айналымға жаңа табиғи ресурстарды тартуға және еңбекке қабілетті халықтың көп жұмыспен қамтылуы есебінен өнім шығарудың өсуіне негізделеді.

Экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесінде мемлекеттік сектор ерекше орын алады. Бір жағынан, ол мемлекет Өкілетті меншік иесі және кәсіпкер болып табылатын елдегі мемлекеттік реттеу объектісі ретінде әрекет етеді, ал екінші жағынан, коммерциялық секторға қатысты Үкімет қабылдаған бірқатар шаралар мен шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді немесе ұлт пен экономиканың мүдделеріне әсер етеді.

Ұтымды саясат болған кезде ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу халықтың негізгі бөлігінің өмір сүру деңгейін әлеуметтік тұрақтылық үшін аса қауіпті шектен тыс ұстап тұруға, тұтынылатын материалдық және материалдық емес игіліктер мен көрсетілетін қызметтер спектрін тұрақты кеңейту арқылы әлеуметтік сенімділікті қамтамасыз етуге, жеке адам мен қоғамның зияткерлік әлеуетін дамытуға, социумды тозудан қорғауға мүмкіндік береді [1,с.417].

Инновациялық саясат пен қорғаныс доктринасының өзара байланысын бірнеше негізгі бағыттар бойынша байқауға болады. Біріншіден, қазіргі